

Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулап алу, су айдынындағы кәсіпшілік жағдай, берілген жолдамалар туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 19 наурыздағы N 185 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 29 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6196 болып енгізілді

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңы 27-бабының 2-тармағы 16) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулап алу, су айдынындағы кәсіпшілік жағдай, берілген жолдамалар туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Табиғат ресурстарын пайдалану стратегиясы департаменті осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр *А. Күрішбаев*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы м и н и с т р і н і ң
2 0 1 0 ж ы л ы 1 9 н а у р ы з д а ғ ы
№ 185 бұйрығымен бекітілген

Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулап алу, су айдынындағы кәсіпшілік жағдай, берілген жолдамалар туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну ережесі

1. Осы Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулап алу, су айдынындағы кәсіпшілік жағдай, берілген жолдамалар туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну ережесі (бұдан әрі - Ереже) «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 27-бабы 2-тармағының 16) тармақшасына сәйкес балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулап алуды жүзеге асыру кезіндегі жануарлар дүниесін пайдаланушылардың қызметіне, балық шаруашылығы су айдынындағы және (немесе)

учаскесіндегі берілген жолдамалар санына және кәсіпшілік жағдайына есеп жүргізу, мониторингті және бақылауды жүзеге асыру мақсатында әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.11.26 № 18-02/599 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

2. Жануарлар дүниесін пайдаланушы балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулап алу, су айдынындағы кәсіпшілік жағдай, берілген жолдамалар туралы мәліметтерді келесі нысан бойынша балық шаруашылығы инспекциясының құрылымдық бөлімшесіне ұсынады:

балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулап алу туралы мәлімет осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес балық шаруашылығы инспекциясының құрылымдық бөлімшесіне ұсынылады;

су айдынындағы кәсіпшілік жағдай туралы мәлімет осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес балық шаруашылығы инспекциясының құрылымдық бөлімшесіне ұсынылады;

берілген жолдамалар туралы мәліметтер осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша аумақтық балық шаруашылығы инспекциясының құрылымдық бөлімшелеріне ұсынылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.11.26 № 18-02/599 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

3. Жануарлар дүниесін пайдаланушы жоғарыда аталған мәліметтерді қағаз және электрондық нұсқада әр айдың 1-күні балық шаруашылығының аумақтық инспекциясына немесе оның құрылымдық бөлімшесіне ұсынылады.

Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулап алу, су айдынындағы кәсіпшілік жағдай, берілген жолдамалар туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну ережесіне 1-қосымша Нысан Уәкілетті орган аумақтық инспекциясының бастығына

Балық және басқа да су жануарларын аулап алу туралы мәліметтер

Жануарлар дүниесін пайдаланушының атауы: _____

Балық шаруашылығы су айдыны және (немесе) учаскесінің атауы: _____

--	--	--	--

№	Балық және басқа да су жануарларының түрлері	Айлық есепке	Жыл басынан бастап	
		Нақты ауланғаны, тонна (дана)	Бөлінген квота, тонна	Нақты ауланғаны, тонна
1				
2				
3				
4				
5				
	Барлығы			

Басшы _____
(Т . А . Ә .)

Жеке қолы _____

Берілген күні: «___» _____ 201__ ж.

М.О.

(есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның Т.А.Ә.)

Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулап алу, су айдынындағы кәсіпшілік жағдай, берілген жолдамалар туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну ережесіне 2-қосымша

Нысан

Уәкілетті орган аумақтық инспекциясының бастығына

Су айдынындағы кәсіпшілік жағдай туралы мәліметтер

құрма аулар _____
(тор көздің саны, ұзындығы, мөлшері)

лақтырма сүзекілер _____
(тор көздің саны, ұзындығы, мөлшері)

автокөліктер _____
(с а н ы , ү л г і с і)

кәсіпшілік механизмдер _____
(а т а п ш ы ғ у)

жүзу құралдары _____
(с а н ы , ү л г і с і)

бригадалардың, бөлімдердің саны тартым учаскелерінің, кәсіпшілік тұрақ, аулау

құралын таңдау орны _____

Басшы _____
(Т.А.Ә.)

Жеке қолы _____
Берілген күні: «__» _____ 201__ ж.
М.О.

_____ (есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның Т.А.Ә.)
Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулап алу, су айдынындағы кәсіпшілік жағдай, берілген жолдамалар туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну ережесіне 3-қосымша
Нысан
Уәкілетті орган аумақтық инспекциясының бастығына

Берілген жолдамалар туралы мәліметтер

Жануарлар дүниесін пайдаланушының атауы: _____

Балық шаруашылығы су айдыны және (немесе) учаскесінің атауы: _____

№	Балық және басқа да су жануарларының түрлері	Айлық есепке		Жыл басынан бастап	
		Өткізілген жолдамалардың саны, дана	Бөлінген квотаның көлемі, кг. (түрлері бойынша)	Өткізілген жолдамалардың саны, дана	Бөлінген квотаның көлемі, кг. (түрлері бойынша)
1					
2					
3					
4					
5					
6					
	Барлығы				

Басшы _____
(Т.А.Ә.)

Жеке қолы _____
Берілген күні: «__» _____ 201__ ж.

М . О .

(есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның Т.А.Ө.)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК